

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын, сондай-ақ куәліктердің нысандарын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1340 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 24 қыркүйекте № 17414 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, 4-бабының 3-тармағына, 36-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тауар таңбасына куәлік нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығына куәлік нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәлік нысаны.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Зияткерлік меншік құқығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялануы үшін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Әділет министрі*

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 29 тамыздағы
№ 1340 бұйрығына
1-қосымша

Ескерту. Оң жақ жоғары бұрыш жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 30.11.2022 № 984 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 3-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату, оны жарамсыз деп тану тәртібін және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) бюллетень – тауар белгілері мен географиялық нұсқамалар және тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

2) ДЗМҰ – Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы;

3) жалпыға бірдей белгілі тауар белгісі – уәкілетті органның мүдделі тұлғалар дәлелдемелеріне негізделген шешімімен жалпыға бірдей белгілі деп танылған, тауар белгісі ретінде пайдаланылып жүрген белгілеме немесе тауар белгісі;

4) тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі (бұдан әрі – тауар белгісі) – осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі;

5) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

6) тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының иесі – тауар белгісіне айрықша құқыққа немесе географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдалануға айрықша құқыққа ие жеке немесе заңды тұлға;

7) ТКҚХС – тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы;

8) географиялық нұсқама – географиялық объектінің аумағынан шығарылатын, белгілі бір сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттамалары едәуір дәрежеде оның географиялық шығу тегімен байланысты тауарды сәйкестендіретін белгілеме. Осы географиялық объектінің аумағында тауардың сипаттамаларының қалыптасуына елеулі әсер ететін, оны өндірудің кем дегенде бір сатысы жүзеге асырылуға тиіс;

9) тауар шығарылған жердің атауы – елдің, елді мекеннің, жергілікті жердің немесе басқа да географиялық объектінің қазіргі немесе тарихи, ресми немесе бейресми, толық немесе қысқартылған атауын білдіретін не атауы бар, осындай атауды қамтитын немесе осындай атаудан шыққан және ерекше қасиеттері тек қана немесе негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және (немесе) адами факторлармен айқындалатын тауарға қатысты оны пайдалану нәтижесінде белгілі болған белгілеме. Осы географиялық объектінің аумағында тауар өндірудің тауардың ерекше қасиеттерінің қалыптасуына елеулі әсер ететін барлық сатысы жүзеге асырылуға тиіс;

10) ИНИД – библиографиялық деректерді сәйкестендіру үшін халықаралық кодтар;

11) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал), нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "ортақ терезесін" білдіретін ақпараттандыру объектісі;

12) төлемдерді электрондық нысанда көрсетілетін өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде жүргізу туралы ақпарат беру процестерін автоматтандыратын ақпараттандыру объектісі – "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ);

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемқызметтер туралы заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер немесе (және) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілген қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш)

жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

2-тарау. Мемлекеттік тізілімінде тіркеу тәртібі

1-параграф. Тауар белгілерін тіркеу

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) тауар белгісін тіркеу туралы шешімі негізінде және тауар белгісіне куәлік беру үшін төлем жасалғанын растайтын құжатты ұсынған жағдайда, тауар белгісі бойынша реттік нөмерімен (бұдан әрі – реттік нөмірі) тіркелген күні туралы (бұдан әрі – тіркелген күні) мәліметтер тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

4. Тауар белгісін тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу кезінде мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) тауар белгісінің тіркеу нөмірі мен берілген күні;
- 2) тауар белгісінің бейнесі;
- 3) ТКҚХС-ның сыныбы;

4) иеленушінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және оның тұрғылықты жерін немесе орналасқан жерін, ұжымдық тауар белгісіне қатынасын көрсету ұжымдық тауар белгісін пайдалануға құқығы бар иелердің деректері және субъектілердің тізбесі көрсетіледі;

- 5) өтінімнің көрсетілетін қызметті берушіге берілген күні және нөмірі;
- 6) тауар белгісіне тіркелген тауарлар мен қызметтердің тізімі;

7) егер Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес конвенциялық басымдық белгіленген болса, бірінші өтінімнің елі, нөмірі және берілген күні;

8) хат алмасу үшін мекенжайы;

9) өкіл туралы мәліметтер (патенттік сенім білдірілген өкіл туралы);

10) куәлікті беру туралы және ресми бюллетеньдегі нөмірі туралы мәліметтерді жариялау күні;

11) тауар белгісіне құқыққа иелік ету туралы деректерді қоса алғанда, тауар белгісін тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер.

Көрсетілген мәліметтерді енгізу олардың алдында тиісті ИНИД кодын (ДЗМҰ стандарты бойынша) қою арқылы сүйемелденеді және жариялау кезінде пайдаланылады. Елдің коды ДЗМҰ-ның тиісті стандартына сәйкес қойылады.

2-параграф. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгілерін тіркеу

5. Уәкілетті органның шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген немесе халықаралық шарттардың күшімен қорғалатын тауар белгісін немесе Қазақстан Республикасында оның құқықтық қорғалуынсыз тауар белгісі ретінде пайдаланылатын, белсенді пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында кең танымалдыққа ие болған белгіні жалпыға белгілі деп тану негізінде, Мемлекеттік тізілімге жалпыға белгілі тауар таңбасын тіркегені үшін көрсетілетін қызметті берушінің қызметтеріне ақы төлеу кезінде жалпыға белгілі тауар таңбасына реттік нөмір беріліп және мәліметтерді енгізу күні көрсетіле отырып, тиісті мәліметтер енгізіледі.

6. Жалпыға бірдей белгіні тіркеу кезінде тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне келесі мәліметтер енгізіледі:

- 1) жалпыға бірдей белгіні тіркеу нөмірі және күні;
- 2) жалпыға бірдей тауар белгісінің бейнесі;
- 3) ТКҚХС-ның сыныбы;
- 4) иесінің атауы немесе тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда) және оның тұрғылықты немесе тұрақты мекенжайы;
- 5) өтінімнің көрсетілетін қызметті берушіге берілген күні және нөмірі;
- 6) жалпыға бірдей тауар белгісіне қатысты тіркелген тауарлар мен қызметтердің тізімі;
- 7) хат алмасу үшін мекенжайы;
- 8) өкіл туралы мәліметтер (патенттік сенім білдірілген өкіл туралы);
- 9) куәлікті беру туралы және ресми бюллетень нөмірі туралы мәліметтер жарияланған күні;
- 10) жалпыға белгілі тауар белгісін тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер.

Көрсетілген мәліметтерді енгізу олардың алдында тиісті ИНИД кодын (ДЗМҰ стандарты бойынша) қою арқылы сүйемелденеді және жариялау кезінде пайдаланылады. Елдің коды ДЗМҰ-ның тиісті стандартына сәйкес қойылады.

3-параграф. Географиялық нұсқамаларды тіркеу

7. Көрсетілетін қызметті берушінің географиялық нұсқамаларды тіркеу және (немесе) географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығын беру туралы шешімінің негізінде географиялық нұсқамаларды және (немесе) географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығын тіркегені үшін көрсетілетін қызметті берушінің қызметтеріне ақы төлеген кезде географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізіліміне географиялық нұсқамалар бойынша мәліметтер енгізіледі.

8. Географиялық нұсқамаларды тіркеу кезінде мемлекеттік тізілімге мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) географиялық нұсқама;

2) тіркеу нөмірі мен күні;

3) тауардың географиялық шығу тегімен елеулі дәрежеде байланысты оның беделі немесе басқа да сипаттамалары болуға тиіс;

4) иесінің атауы және оның тұрғылықты жерінің немесе орналасқан жерінің мекенжайы;

5) өтінімнің нөмірі мен берілген күні;

6) хат жазысу мекенжайы;

7) өкіл туралы мәліметтер (патенттік сенім білдірілген өкіл туралы);

8) географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеу және (немесе) беру туралы мәліметтердің жарияланған күні;

9) тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер.

Көрсетілген мәліметтерді енгізу олардың алдына тиісті ИНИД кодын қоюмен (ДЗМҰ стандарты бойынша) сүйемелденеді және жариялау кезінде пайдаланылады. Елдің коды ДЗМҰ-ның тиісті стандартына сәйкес қойылады.

4-параграф. Тауар шығарылған жердің атауларын тіркеу

9. Тауар шығарылған жердің атауын тіркеу және (немесе) тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығын беру жөніндегі сараптама жасау ұйымының шешімі немесе көрсетілетін қызметті берушінің тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығына куәлік беру жөніндегі қызметіне төлемді растаған жағдайда, тауар шығарылған жердің атауы мемлекеттік тізіліміне тауар шығарылған жердің атауы туралы мәліметтер енгізіледі.

10. Тауарлардың шыққан жерлерінің атауларын мемлекеттік тізілімге тіркеген кезде мынадай ақпарат енгізіледі:

1) тауар шығарылған жердің атауы;

2) тіркеу нөмірі және күні;

3) өнімнің ерекше қасиеттерінің сипаттамасы;

4) меншік иесінің аты-жөні және оның тұрғылықты жерінің немесе орналасқан жерінің көрсетілуі;

5) өтінімнің берілген күні және нөмірі;

6) хат алмасу мекенжайы;

7) өкілі туралы ақпарат (патенттік сенім білдірілген өкіл туралы);

8) тауар шығарылған жердің атауларын пайдалану құқығын беру туралы және ресми бюллетень нөмірі туралы мәліметтер жарияланған күні;

9) тіркеуге қатысты кейінгі өзгерістер.

Көрсетілген мәліметтерді енгізу олардың алдында тиісті ИНИД кодын (ДЗМҰ стандарты бойынша) қою арқылы сүйемелденеді және жариялау кезінде пайдаланылады. Елдің коды ДЗМҰ-ның тиісті стандартына сәйкес қойылады.

5-параграф. Тауар белгісіне куәлік беру

11. "Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидалардың 1-қосымшасындағы "Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтінішті көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

14. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақтың төртінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 6 (алты) жұмыс күні ішінде тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне тіркеу туралы мәліметтерді енгізеді,

беру туралы мәліметтерді жариялайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда тауар белгісіне куәлік жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші тауар белгісін тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізеді, беру туралы мәліметтерді жариялайды және осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда тауар белгісіне куәлікті көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 14-1, 14-2, 14-3 және 14-4-тармақтармен толықтыру көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-параграф. Географиялық нұсқамаға және тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру

15. "Географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығын тіркеу" көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

16. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) 6-қосымшаға сәйкес "Географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті портал арқылы жолдайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

17-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

18-тармақтың төртінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 6 (алты) жұмыс күні ішінде географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеу туралы мәліметтерді Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізіліміне енгізеді, беру туралы мәліметтерді жариялайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес географиялық нұсқаманы пайдалану құқығына арналған куәлікті электрондық нысанда жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеу туралы мәліметтерді Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізіліміне енгізеді, беру туралы мәліметтерді жариялайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда географиялық нұсқаманы пайдалану құқығына куәлікті жібереді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 18-1, 18-2, 18-3 және 18-4 тармақтармен толықтыру көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру

19. "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

20. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидалардың 9-қосымшасындағы "Тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтінішті көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің

төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

22. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-тармақтың төртінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 6 (алты) жұмыс күні ішінде тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу туралы мәліметтерді Тауар шығарылған жердің атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді, беру туралы мәліметтерді жариялайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда тауар шығарылған жердің атауына куәлік жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеу туралы мәліметтерді Тауар шығарылған жердің атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізеді, беру туралы мәліметтерді жариялайды және осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда тауар шығарылған жердің атауына куәлікті көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 22-1, 22-2, 22-3 және 22-4 тармақтармен толықтыру көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-параграф. Жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне үзінде көшірме беру

23. Мемлекеттік тізілімге енгізілген мәліметтердің негізінде осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жалпыға белгілі тауар белгісіне құқықты растайтын электрондық нысандағы Қазақстан Республикасы тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме беріледі.

24. Көрсетілетін қызметті беруші жалпыға белгілі тауар белгісіне үзіндіні құқық иеленушіге немесе сенімхат бойынша оның өкіліне (егер өтініш өкіл арқылы берілсе) немесе сенімхаттың көшірмесін (егер өтінішхат патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы берілсе) көрсетілетін қызметті берушіге төлем құжаты келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жібереді (береді).

3-тарау. Куәліктің телнұсқаларын беру тәртібі

1-параграф. Тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беру тәртібі

25. Түпнұсқа жоғалған немесе қолдануға жарамсыз болған жағдайда тауар белгісіне куәліктің телнұсқасы беріледі.

26. Тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беруді көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

27. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, куәліктің телнұсқасын беру туралы өтінішхатты портал арқылы жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

28-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

29. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

29-тармақтың төртінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тиісті құжаттарды тексеру және ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 6 (алты) жұмыс күні ішінде тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын береді және осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын береді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

30. Телнұсқа онда көрсетілген мәліметтердің құрамы бойынша берілген куәліктің түпнұсқасына сәйкес келеді, онымен бірдей заңды күші болады және қазақ, орыс тілдерінде "Телнұсқа", "Дубликат", "Dublicate" деген мөртабан қойылып, тиісті куәлік нысаны бойынша беріледі.

Телнұсқа берілген жағдайда телнұсқа беру туралы мәліметтер бюллетенде жарияланған күннен бастап куәліктің түпнұсқасы заңды күші жоқ деп есептеледі.

2-параграф. Географиялық нұсқамаға және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәліктің телнұсқасын беру тәртібі

31. Түпнұсқасы жоғалған немесе жарамсыз болған жағдайда географиялық нұсқаманы пайдалану құқығына куәліктің телнұсқасы және (немесе) тауар шығарылған жердің атауы беріледі.

Куәліктің телнұсқасы телнұсқа беру туралы осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішхат келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және телнұсқа беру үшін көрсетілетін қызметті берушінің қызметтеріне ақы төлеген кезде беріледі.

Өтінішхатқа құқық иесі немесе сенімхат бойынша өкіл қол қояды (егер өтінішхатты өкіл берсе).

32. Құқық мирасқоры өтініш берген жағдайда, өтінішке құқықтық мирасқорлықты растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

33. Телнұсқа географиялық нұсқаманы пайдалану құқығына және (немесе) тауар шығарылған жердің атауына куәлік беру туралы жазба тиісті мемлекеттік тізілімде болған кезде ғана беріледі.

Онда көрсетілген мәліметтердің құрамы бойынша телнұсқа берілген куәліктің түпнұсқасына сәйкес келеді, онымен бірдей заңды күші бар және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде "Телнұсқа", "Дубликат", "Dublicate" мөртабаны қойыла отырып, куәліктің тиісті нысаны бойынша беріледі.

Телнұсқа берілген жағдайда телнұсқа беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап куәліктің түпнұсқасы заңды күші жоқ деп есептеледі.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

34. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

35. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

5-тарау. Мемлекеттік тізілімді жүргізу

1-параграф. Тауар белгісі мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізу

36. Көрсетілетін қызметті беруші тауар белгісі және жалпыға бірдей танымал тауар белгісінің құқықтық мәртебесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу жайлы мәліметті мемлекеттік тізілімге уәкілетті органның, апелляциялық органның, сот органдарының шешімі және иелерінің (құқықиелері) (олардың мұрагерлерінің немесе өкілдерінің) өтінішхаттары негізінде енгізеді:

- 1) қорғалатын тауар белгісіне құқықты беру туралы тіркелген шарт туралы;
- 2) тауар белгісін пайдалану құқығын беру туралы тіркелген лицензиялық (сублицензиялық) шарт туралы;
- 3) кепіл шарты туралы;
- 4) кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты туралы;
- 5) тіркелген шарттарға қосымша келісімдер туралы;

- 6) тіркеуді толық немесе ішінара жарамсыз деп тану туралы;
- 7) тіркеудің қолданылу мерзімін тоқтату туралы;
- 8) иесінің бастамасы бойынша тіркеу әрекетін тоқтату туралы;
- 9) тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы;
- 10) иесінің (құқық иеленушінің) атауын оның қайта ұйымдастырылуына (құқықтық мирасқорлығына) байланысты өзгерту туралы және/немесе оның орналасқан жерінің мекенжайын өзгерту туралы;
- 11) иесінің (құқық иеленушінің) тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда) өзгерту туралы және/немесе тұрғылықты жерінің мекенжайын өзгерту туралы;
- 12) оларға қатысты тіркеуді мәні бойынша өзгертпейтін тауар белгісі тіркелген тауарлардың (қызметтердің) тізбесін қысқарту туралы;
- 13) иесінің (құқық иеленушінің) өкілін өзгерту туралы);
- 14) хат алмасу үшін мекенжайды өзгерту туралы;
- 15) айқын және техникалық қателерді түзету туралы, сондай-ақ тіркеуге қатысты басқа да өзгерістер туралы.

37. Өзгерістер тіркеу нөмірін, заңды тұлғаның ресми атауын, тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын, жеке тұлғаның тұрғылықты жерін, сондай-ақ өзгерістер енгізгені үшін тиісті төлемді көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу туралы еркін нысанда өтінішхат беру жолымен енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша болған әкімшілік - аумақтық бірліктер атауларының, қалалардың, облыстардың, аудандардың атауларының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша болған елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының өзгерістері өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Өтінішхатқа иесі (құқық иеленуші) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

Өтінішхатта көрсетілген, бір құқық иеленушіге тиесілі бірнеше тауар белгілері болған кезде, осы өзгерістер бір типті болып есептеледі және мұндай жағдайда ақы төлеу әрбір кейінгі тауар белгісі үшін бір үлгідегі өзгерістер енгізу ретінде жүргізіледі.

38. Өтініш қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Өтінішхатқа иеленуші (құқық иеленуші) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

Өтінішхатқа:

- 1) тиісті өзгерісті растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 2) өзгерістер енгізгені үшін төлемді растайтын құжат;
- 3) сенімхат (егер өтінішті өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл берсе) қоса беріледі.

Өтінішхат және қоса берілген құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

39. Осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұраухатты жіберген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда өзгерістер енгізілмейді, бұл туралы өтінішхат берген тұлғаның мекенжайына тиісті хабарлама жіберіледі.

Өзгерістер енгізілген кезде тиісті жазбалар Қазақстан Республикасы тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, бюллетеньде жарияланады және өтінім берушінің атына осы Қағидалардың 16, 17, 18-қосымшаларына сәйкес электрондық нысандар бойынша тиісті өзгерістер енгізу туралы хабарлама жіберіледі.

40. Қайта ұйымдастыру және (немесе) тарату салдарынан заңды тұлға иесінің атауына өзгерістер енгізілген кезде өтінішхатқа қол қойылады және Заңға сәйкес беріледі. Бұл ретте мүдделі тарап осы өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынады.

Тауарларды және/немесе/ қызметтерді белгілі бір тауар белгісінің ішінде ішінара басқаға берген жағдайда, екі дербес меншік иесі құрылады.

Ішінара басқаға беру нәтижесінде пайда болған тауар белгісі Мемлекеттік тізілімде латын әрпімен (мысалы, № 00000А) бірдей нөмірмен тіркеледі.

Тіркеу туралы мәліметтер Мемлекеттік тізілімге енгізіледі және ресми бюллетеньде жарияланады және өтініш берушіге 3 (үш) жұмыс күні ішінде куәлік жіберіледі.

Мемлекеттік тізілімде көрсетілген өтінім мазмұнындағы немесе тауар белгісінің иесі ұсынған құжаттағы және бюллетеньде жарияланған мәліметтердегі қателерді түзету тауар белгісі иесінің өтініші бойынша жүргізіледі.

Хат алмасу мекенжайы мен өкілін өзгертуден басқа, тіркеуге қатысты өзгерістер бюллетеньде жарияланады.

2-параграф. Географиялық нұсқамалар мен тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне өзгерістер енгізу

41. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік тізілімге уәкілетті органның, апелляциялық кеңестің, сот органдарының шешімдері және иелерінің (құқық иеленушілерінің) (олардың құқықтық мирасқорларының немесе өкілдерінің) өтініштері негізінде географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын тіркеу бойынша кейінгі өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтерді енгізеді:

1) географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын және (немесе) жарамсыз тауар шығарылған жердің атауын тіркеу туралы;

2) географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің қолданылу мерзімін тоқтату туралы;

3) иеленушінің (құқық иеленушінің) бастамасы бойынша географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің қолданылуын тоқтату туралы;

4) географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы;

5) иесінің қайта ұйымдастырылуына (құқықтық мирасқорлығына) байланысты оның атауының өзгеруі туралы және/немесе оның орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі туралы;

6) иесінің (құқық иеленушінің) тегін, атын және әкесінің атын (ол болған кезде) өзгерту туралы және/немесе тұрғылықты жерінің мекенжайын өзгерту туралы;

7) тауар белгісі иесінің (құқық иеленушінің) өкілін өзгерту туралы;

8) хат алмасу үшін мекенжайды өзгерту туралы;

9) айқын және техникалық қателерді түзету туралы, сондай-ақ географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге қатысты басқа да өзгерістер туралы.

42. Өзгерістер тіркеу нөмірін, заңды тұлғаның ресми атауын, тегін, атын және әкесінің атын (ол болған жағдайда), заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайын, жеке тұлғаның тұрғылықты жерін, сондай-ақ өзгерістер енгізгені үшін тиісті төлемді көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу туралы еркін нысанда өтінішхат беру жолымен енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша болған әкімшілік - аумақтық бірліктер атауларының, қалалардың, облыстардың, аудандардың атауларының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша болған елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының өзгерістері өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Өтінішхатқа иеленуші (құқық иеленуші) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

Өтінішхатта көрсетілген, бір құқық иеленушіге тиесілі бірнеше тауар белгілері болған кезде, осы өзгерістер бір типті болып есептеледі және мұндай жағдайда ақы төлеу әрбір кейінгі тауар белгісі үшін бір үлгідегі өзгерістер енгізу ретінде жүргізіледі.

43. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Өтінішхатқа иеселенуші (құқық иеленуші) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды.

Өтінішхатқа:

1) тиісті өзгерісті растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) өзгерістер енгізгені үшін төлемді растайтын құжат;

3) сенімхат (егер өтінішті өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл берсе) қоса беріледі.

Өтінішхатқа және қоса берілген құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

44. Осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұраухатты жіберген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда өзгерістер енгізілмейді, бұл туралы өтінішхат берген тұлғаның мекенжайына тиісті хабарлама жіберіледі.

Өзгерістер енгізілген кезде тиісті жазбалар Қазақстан Республикасы географиялық нұсқамалардың және (немесе) тауарлары шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, бюллетеньде жарияланады және өтініш берушінің атына осы Қағидалардың 16, 17, 18-қосымшаларына сәйкес электрондық нысанда тиісті өзгерістер енгізу туралы хабарлама жіберіледі.

Тіркеуге қатысты өзгерістер, хат-хабар алмасу мекенжайын және өкілді өзгертуден басқа, бюллетеньде жарияланады.

45. Ұлттық тіркеуді халықаралық тіркеуге ауыстыру және тауар таңбасын тіркеудің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін көрсетілетін қызметті берушіге берілген тиісті төлем туралы иесінің өтініші бойынша тауар таңбасын тіркеудің қолданылу мерзімі ішінде ұлттық тіркеу халықаралық тіркеуге ауыстырылады. Ұлттық тіркеу ауыстырылғаннан кейін жойылады.

3-параграф. Тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі

46. Тауар белгісін тіркеу өтінім берілген күннен бастап он жыл бойы қолданылады.

47. Тауар белгісіне, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісіне тіркеудің қолданылу мерзімі Заңның 15-бабының 2-тармағына және 18-1 бабының 5-тармағына сәйкес тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін (бұдан әрі – өтінішхат) тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту құқық иеленушінің өтінішхаты бойынша келесі он жылға ұзартылады.

48. Өтінішхат осы Қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімінің соңғы жылы ішінде көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

49. Өтініш қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

50. Өтінішхатқа иеленушінің (құқық иеленуші) немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкіл қол қояды.

Өтінішхатқа:

1) тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту үшін төлемді растайтын құжат;

2) сенімхат (егер өтінішті өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл берсе) қоса беріледі.

Тауар белгісін жалпыға бірдей белгілі деп танудың қолданылу мерзімін ұзарту кезінде тауар белгісінің жалпыға бірдей белгілі екенін растайтын мәліметтерді ұсыну қажет.

51. Өтінішхат және оған қоса берілетін құжаттар тікелей көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылады, пошта арқылы немесе кәсіпорынның электрондық мекенжайына жіберіледі.

52. Өтінішхат және қоса берілген құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады.

Осы Қағидалардың 49, 50-тармақтарына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұраухат жіберген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған кезде тауар белгісі, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі ұзартылмайды, бұл туралы өтінішхат берген тұлғаға хабардар етіледі.

53. Заңның 15-бабының 3-тармағына сәйкес өтініш беру мерзімі тіркеудің қолданылу мерзімі өткеннен кейін алты ай ішінде берілген иесінің өтініші бойынша қалпына келтіріледі. Бұл ретте өткізіп алған төлем мерзімін қалпына келтіргені үшін өтініш беруші көрсетілетін қызметті берушінің қызметтеріне ақы төлеуді жүргізеді.

54. Тауар белгісін, жалпыға бірдей белгілі тауар белгісін тіркеудің қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда тиісті жазбалар Қазақстан Республикасының Тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, бюллетеньде жарияланады және иесінің/өкілдің атына осы Қағидалардың 20-қосымшасына сәйкес тауар белгісінің, осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес жалпыға бірдей белгілі тауар белгісінің қолданылу мерзімінің ұзартылғаны туралы тиісті электрондық нысанда хабарлама жіберіледі.

4-параграф. Тауар шығарылған жердің географиялық нұсқамасын және атауын пайдалану құқығын тіркеудің және пайдаланудың қолданылу мерзімін ұзарту тәртібі

55. Тауар шығарылған жердің географиялық нұсқамасын және (немесе) атауын пайдалану құқығын тіркеу көрсетілетін қызметті берушіге өтінім берілген күннен бастап он жыл бойы қолданылады.

56. Заңның 34-бабының 3-тармағына сәйкес географиялық нұсқаманы және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданылу мерзімі оған қатысты географиялық нұсқаманы пайдалану құқығы және (немесе) тауар шығарылған жердің атауы тіркелген иесінің оның қолданылуының соңғы жылы ішінде берілген өтінішхаты бойынша әр жолы он жылға ұзартылады.

57. Өтінішхат көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидалардың 22-қосымшасына сәйкес тауардың шығарылған жерінің географиялық нұсқамасы және (немесе) атауын пайдалану құқығын тіркеу мерзімі қолданылған соңғы жыл ішінде беріледі.

58. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілдерінде беріледі.

Географиялық нұсқаманы және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш құзыретті органның қорытындысымен бір мезгілде ұсынылады.

59. Өтінішхатқа сенімхат негізінде әрекет ететін құқық иесі немесе өкіл қол қояды.

Өтінішхатқа қоса беріледі:

1) географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын тіркеудің қолданылу мерзімін ұзартқаны және ұзарту туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялағаны үшін ақы төленгенін растайтын құжат;

2) Заңның 29-бабының 3-тармағына сәйкес (тауар шығарылған жердің атауына қатысты) жергілікті атқарушы органның қорытындысы;

3) сенімхат (егер өтінішті өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмелері (егер өтінішті патенттік сенім білдірілген өкіл берсе).

60. Өтінішхат және оған қоса берілетін құжаттар тікелей көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылады, пошта арқылы немесе кәсіпорынның электрондық мекенжайына жіберіледі.

61. Өтінішхат және қоса берілген құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады.

Осы Қағидалардың 58, 59-тармақтарына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұраухатты жіберген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған кезде тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі ұзартылмайды, бұл туралы өтінішхат берген тұлғаның мекенжайына тиісті хабарлама жіберіледі.

62. Заңның 34-бабының 5-тармағына сәйкес өтініш беру мерзімі тіркеудің қолданылу мерзімі өткеннен кейін алты ай ішінде берілген иесінің өтініші бойынша қалпына келтіріледі. Бұл ретте өткізіп алған төлем мерзімін қалпына келтіргені үшін өтініш беруші көрсетілетін қызметті берушінің қызметтеріне ақы төлеуді жүргізеді.

63. Географиялық нұсқаманы және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда тиісті жазбалар географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы тауарлары шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізіліміне енгізіледі, бюллетеньде жарияланады, иесінің/өкілінің атына электрондық нысанда осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес географиялық нұсқаманы және (немесе) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданылу мерзімін ұзарту туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

6-тарау. Тауар белгісін, географиялық нұсқаманы, жалпыға танымал тауар белгісін және тауар шығарылған жердің атауын қайтарып алу, қолдану мерзімін тоқтату және мерзімінен бұрын тоқтату, жарамсыз деп тану және жою тәртiптерi

64. Соттың немесе апелляциялық кеңестің шешімі негізінде тауар белгісін, жалпыға белгілі тауар белгісін, тауардың шығарылған жерінің географиялық нұсқамасын және (немесе) атауын пайдалану құқығын тіркеу жарамсыз деп танылады, осыған байланысты көрсетілетін қызметті беруші күшін жою туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік тізілімге енгізеді, күшін жою туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды, иесінің/өкілінің атына тауардың шығарылғаны туралы электрондық нысанда хабарлама жіберіледі. Сот шешімі шығарылған күн тоқтатылған күн болып есептеледі.

65. Тауар белгісін, тауар шығарылған жердің географиялық нұсқамасын және (немесе) атауын пайдалану құқығын немесе олардың өкілін тіркеуден бас тарту туралы иесінің жазбаша өтініші негізінде тауар белгісін, тауар шығарылған жердің географиялық көрсетілімін және (немесе) атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданылу мерзімі Көрсетілетін қызметті беруші күшін жою туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік тізілімге енгізеді, күшін жою туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды, иесінің/өкілінің мекенжайына электрондық нысанда күшін жою туралы хабарлама жіберіледі. Осы Қағидалардың 24-қосымшасына сәйкес иеленушіден немесе өкілден өтініш келіп түскен күн тоқтатылған күн болып есептеледі.

66. Тауар белгісін, жалпыға белгілі тауар белгісін, тауар шығарылған жердің географиялық нұсқамасын және (немесе) атауын пайдалану құқығын тіркеудің қолданылу мерзімі өткен кезде тоқтатылады. Көрсетілетін қызметті беруші тіркеудің қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік тізілімге енгізеді.

67. Жеке тұлғаның қайтыс болуына, тауар таңбасының иесі (құқық иесі) заңды тұлғаның таратылуына байланысты тауар таңбасын тіркеудің қолданылуы тоқтатылады және тоқтату туралы мәліметтер тиісті сот шешімі шығарылған күннен бастап және (немесе) тиісті растайтын құжаттар ұсынылған кезде Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

"Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Тауар белгісін тіркеу кезінде: тауар белгісін тауар белгілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу, тауар белгісіне куәлік беру және беру туралы мәліметтерді жариялау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап; Тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беру кезінде: тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық түрде.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында	"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің

	көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске және Заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>Тауар белгісін тіркеу кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші; 2) сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе). <p>Тауар белгісіне куәліктің телнұсқасын беру кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жеке және (немесе) заңды тұлғаның қолдаухаты; 2) сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе). <p>Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті</p>

		<p>мемлекеттік ақпараттық жүйеден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: "1414", 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.</p>

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны

жарамсыз деп тану
қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

"Тауар таңбасын тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған ӨТІНІШ

№ _____ өтінім бойынша тауар белгісін тіркеу туралы көрсетілетін қызметті берушінің шешімі негізінде тауар белгісін Мемлекеттік тізілімге енгізуді, куәлік беруді және тіркеу туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауды сұраймын.

Қосымша:

□

сенімхат (егер өтінішті өкіл берсе)

Электрондық цифрлық қолтаңба

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға (пайдалануға) келісемін.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атауы, ЖСК, БСК: "Нұрбанк" акционерлік қоғамы
KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323
HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Bereke Bank" акционерлік қоғамы KZ14914012203KZ0047J SABRKZKA

Астана қаласындағы "ForteBank" акционерлік қоғамының филиалы
KZ1096503F0007611692IRTYKZKA

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Мекенжайы

Мекенжай

Өтінішті қабылдаудан БАС ТАРТУ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны _____ байланысты, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартылғанын хабарлайды.

Қосымша:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды, тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімдерінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

"Географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 6-қосымша өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеу туралы мәліметтерді Географиялық нұсқаумалар мемлекеттік тізіліміне енгізу, географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын растайтын куәлік беру және беру туралы мәліметтерді жариялау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды, тауар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.

7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске және Заңға сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>1) жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші;</p> <p>2) сенімхаттың электрондық көшірмесі (егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе).</p> <p>Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>

10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының "1414", 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар ;</p> <p>2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.</p>
----	---	--

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

**"Географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығын тіркеу" қызметін көрсетуге
ӨТІНІШ**

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Көрсетілетін қызметті берушінің географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеу туралы шешімінің негізінде № _____ өтінім бойынша географиялық нұсқаманы пайдалану құқығын тіркеу туралы мәліметтерді мемлекеттік тізілімге енгізуді, үзінді

көшірме беруді және тіркеу туралы мәліметтерді ресми бюллетеньде жариялауды сұраймын.

Қосымша:

сенімхат (егер өтініш өкіл арқылы берілсесе)

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

ЭЦҚ

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды, тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауарлар шығарылған жерлердің атауларының мемлекеттік тізілімдерінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде, Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінде және Тауарлар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінде тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, тіркеудің қолданысын тоқтату және оны жарамсыз деп тану қағидаларына
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 06.09.2023 № 644 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

